



Сағымбаева Айнұр Есенгазыевна

Математика, физика және информатика институтының, Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі

А.Е. Сағымбаеваның ғылыми-педагогикалық еңбек жолы жоғары білім беру жүйесімен, соның ішінде Абай атындағы ҚазҰПУ-мен тікелей байланысты, ол **1990 жылдан бастап аталмыш оқу орнында қызмет етіп келеді. Ғылыми-педагогикалық өтілі – 32 жыл.**

А.Е.Сағымбаева 6B01508–Информатика, 6B01509–Информатика, 7M01507–Информатика, 7M01508–Информатика, 8D015–Информатика мамандықтарының білім беру бағдарламалары авторларының бірі.

Информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі және білімді ақпараттандыру саласы бойынша 220-дан астам ғылыми және оқу-әдістемелік жұмыстардың авторы. Олардың ішінде 1 монография, 38 оқулық, оқу құралдары, 173-тен астам ғылыми мақалалар, Scopus халықаралық ғылыми деректер қорында 6 мақала (H=2) жарияланған, 2 авторлық куәліктің иегері.

Профессор А.Е. Сағымбаева ҚР БЖҒМ ұсынған 12 жылдық жалпы білім беретін мектепке арналған 3-4 сыныптың (2005 ж., 2007 ж.), математикалық-жаратылыстану бағытының 11-сыныбының (2013 ж.), 7-8 сыныптарға арналған «Информатика» (2015 ж., 2016 ж.), сонымен қатар 2021-2022 оқу жылында бастауыш сынып оқушыларына алғаш рет оқытылып жатқан “Цифровая грамотность” (2021 ж.) оқулықтарының авторы. ҚР БЖҒМ ұсынған педагогикалық ЖОО-ның студенттеріне арналған «Информатиканы оқыту әдістемесі» (2014 ж.), «Methods of teaching computer science» (2016 ж.) оқулықтары мен оқу құралдарының авторы.

Профессор А.Е. Сағымбаева информатиканы оқыту теориясы мен әдістемесі және білімді ақпараттандыру саласы бойынша 2 ғылым кандидатын, 1 PhD доктор, 40-тан астам педагогика ғылымдарының магистрлерін дайындаған.

Айнұр Есенгазықызы қазіргі таңда ҚР БЖҒМ "Білім беру және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері" тақырыбындағы ғылыми бағдарлама аясында "Білім беру және білім беру ресурстары мазмұнының сапасын бағалау жүйесі мен сараптаманың

электрондық платформасын құру" кіші бағдарламасының жетекші ғылыми қызметкері (2021-2023 жж.).

2013 жылдан Абай атындағы ҚазҰПУ-і жанындағы философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңестің ғалым хатшысы.

ҚР ҒжБМ "Оқулық" орталығының сарапшысы (2018 ж., 2019 ж.), ҚР ҒжБМ Тест орталығы магистратураға түсушілерге арналған кешенді тестілеуде "Информатиканы оқыту әдістемесі" пәні бойынша Республикалық сараптау комиссияның мүшесі (2019 ж.). Профессор А.Е. Сағымбаева 2010, 2021 жылдары екі мәрте ҚР ҒжБМ «ЖОО-ның үздік оқытушысы» Мемлекеттік грантының иегері атағын алған.

2018 жылы ҚР БжҒМ-нің «Ы. Алтынсарин» төсбелгісімен марапатталған.